


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**
Н. Аитова (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**
С. Жанжігітов

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

Адам бар жерде тіл мәдениеті көрініс табады, яғни адам да, тіл де бір-біріне өмір сүре алмайды. Кез келген халықтың өзіне қадір тұтатын тілі бар, ол қарым-қатынас құралы ананың үнімен құлағына келіп ұялайды. Ананың сүтімен ол тілге деген сүйіспеншілік, құрмет, мақтаныш, жауапкершілік дағдылары қалыптасады. Ана тілінің тазалығын сақтау, оның көркемделе түсуіне өзіндік үлес қосуға деген азаматтық пиғыл әр адамның бойына дарып жатса, ол халықтың тілі ешқашан өлмейді. Ғасырлар бойы атадан мирас болған дана ойлар мен салықалы тұжырымдар тіл арқылы жеткен, тіл ұлттық қазынаны сақтаған. «Өнер алды – қызыл тіл» деген түйінді ой жасаған қазақ халқы адамның сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген.

Бұл күнде диалектизмдерді, ауызекі сөйлеу тілі элементтерін: қарапайым сөздер мен фонетикалық өзгеше тұлғаларды әдеби айналымға түсіру, яғни оларды көркем әдебиетте ғана емес (бұлар көркем шығармаларда кейіпкер тілінде қолданыла беретін сөздер ғой), өзге функционалдық стиль үлгілерінде, әсіресе публицистикада орын алу тенденциясы бары байқалады. Жергілікті тұлғалар мен қарапайым сөздерді активтендіру әуелі көркем әдебиетте, оның ішінде проза жанрында көзге түсіп отыр. Жазушылардың біреуінде сәтті қолданылған-ау деген сөзді екіншілері «қағып алып» кететіндіктері сезіледі. Мысалы, пошым, бозымбай, бағамдау, сүркілу, кермалдасу, можантопай, уסיқы, оңаза, мондыбас, құйынперен сияқты сөздердің біраз жазушылардың тілінде, тіпті газет-журнал беттерінде жиірек көріне бастауы осыны дәлелдейді.

Норма – тарихи-өзгермелі құбылыс болғандықтан, тіл дамуының бір кезеңінде норма ретінде қабылданған (қолданылған) тілдік элемент екінші кезеңінде нормадан ығыстырылуы мүмкін және керісінше, өйткені тілдік норманы анықтауда әлеуметтік талғам негізгі рөл атқарады, ал әлеуметтік талғамды күнделікті өмір қажеттігі, тілді пайдалану практикасы белгілейді. Осы себептен кейде тілдің құрылымдық заңдылығына сай келмейтін қолданыстардың да норма деп танылып, әдеби тілден орын алуы мүмкін. Тіл мәдениеті атқаратын міндеттерінің бірі – қай қолданыс бұл күнде норма болып табылады, қайсысы – жоқ деген мәселелерді түбегейлі зерттеу. Өйткені тілдің мәдениетін танытатын шарт – тек жоғарыда салалап көрсетілген нормаларды ұстанып қана қою емес, ол нормалардың өздерінің дұрыстығын, сындарлығын тап басып тану және дұрыс деп қабылдау. Ғалым Р.Сыздықтың тіл мәдениеті жайлы жазған көптеген еңбектері тіл мамандарына ғана құнды дүние болмай, қазақтың ғылыми саласында мәңгілік мұра боп қала берері анық.

Әдебиеттер

1. Сыздық Р. Қазақ тілі мәдениетінің бүгінгі проблемалары // ҚР ҒМ ҒА Хабарлары тіл, әдебиет сериясы. Алматы, 1997. №6. 3-7-бб
2. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: Арыс, 2008.–592б.
3. Сыздық Р. Сөз күдіреті. Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
4. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. - Алматы, 1984
5. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. - Алматы, 1998

Ө.Қ. Абдиров

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты
Қазақстан, Астана қ.
E-mail: orken1996@mail.ru*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК АНТИПАРЕМИЯЛАР: INSTAGRAM КОНТЕНТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа Мақалада Instagram желісіндегі қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар талданып, олардың мазмұндық, құрылымдық және прагматикалық ерекшеліктері зерттелген. Материалдар дәстүрлі инварианттармен салыстырылып, лексика-семантикалық, синтаксистік сипаттары мен мәдени-этнолингвистикалық негіздері анықталды.

Кілт сөздер: антипаремия, антимақал, гендерлік лингвистика, паремиялогия

Кіріспе

Мақал-мәтелдер – әр халықтың мәдениетінің ажырамас бөлігі әрі ұрпақтан ұрпаққа даналық пен өмірлік тәжірибені жеткізудің құралы. Бұл анықтаманы негізге ала отырып, халықтың мәдениеті мен өмір сүру салты өзгерген сайын, мақал-мәтелдердің де жаңғыратынын байқаймыз. Бұл құбылыс қазақ мақал-мәтелдеріне де тән. Қазіргі уақытта отандық және халықаралық зерттеулерде мақал-мәтелдердің трансформациясы нәтижесінде пайда болған жаңа үлгілер «антимақал» деп сипатталып жүр [1:121-140]. Мақал мен мәтелді біртұтас қарастыру зерттеу тәжірибесінде қалыптасқан заңдылық болғандықтан, біз де осы дәстүрді ұстана отырып, оларды ортақ «антипаремия» терминімен атаймыз.

Шынайы қолданыста мақал-мәтелдердің модификациясы олардың әлемдік мәдени үрдістер мен ықпалдастықтарға қалай әсер ететінін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тақырыпты зерттеу тіл біліміне ғана емес, мәдениеттану мен әлеуметтануға да өзекті. Қазақ тілі цифрлық технологияларға бейімделіп жатқандықтан, ғаламтордағы мақал-мәтелдердің өзгерісін зерттеу қажеттілігі артуда. Осы мақсатта мақалада Instagram желісінде қолданылатын гендерлік қазақ мақал-мәтелдерінің трансформациясына талдау жүргізіледі. Шолуда антипаремия ұғымы жан-жақты қарастырылып, олардың пайда болу себептері, жасалу уәждері және прагматикалық әсерлері талданады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысы инстаграм желісіндегі қазақ мақал-мәтелдеріндегі өзгерістерді сипаттауға бағытталғандықтан, іздеу, жинақтау, саралау, талдау, салыстыру әдістері қолданылды. Жекелей алғанда аксиологиялық тұрғыдан құндылықты бағалау әрекеті де ара-тұра қолданылды. Антипаремиялардың әлеуметтің назарын аударта алу қабілетін анықтау барысында инстаграм желісінің өзі ұсынатын қаралымдары мен лайк(лүпіл) сандарын және пікірлерді қоса есептеуде статистикалық есептеу жүргізілді. Аталған әдістер арқылы антипаремиялардың мазмұндық сипатынан бөлек, прагматикалық потенциялына да сандық тұрғыда баға беруге болады.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі кезде ғаламдағы ақпарат алмасу жылдам жүзеге асып жатыр, сәйкесінше құндылықтар да жылдам жылыстауда. Мұның салдарынан ойлау мен сөйлеу жүйесінің өзгеруде. Бұл өзгерістер қасаң қағидаға сүйенген, сан ғасыр өзгеріссіз келе жатқан паремиологиялық қабатқа да жетуде.

Паремиологтардың пікірінше, трансформацияланған мақалдардың феномені бұрыннан бар динамикалық құбылыс болып табылады және соңғы онжылдықтарда оның көлемі соншалықты өсті, "псевдомақал" бастапқы мақалдардан гөрі жиі кездеседі. Алайда, антимақалдардың алғашқы жинақтары тек 1980 жылдары жарық көрді. Неміс паремиологиясының маманы В. Мидер алғаш рет "трансформацияланған мақалдар" терминін зерттеп, оларды сипаттау үшін "антимақал" терминін енгізді [2]. Біз зерттеуіміздің басында аталмыш терминнің орнына «антипаремия» терминін қолданатынымыз жайлы ескерткен болатынбыз.

Антипаремия бастапқы паремияның мағыналық антиподы ретінде құрастырылған сөз ойыны ретінде анықталады. Егер паремия немесе мақал үйретуші рөл атқарса, антипословица моральдық және тілдік нормаларды мазақтап, бұзуға бағытталған. Б.Ю. Норманның айтуынша, мақал-мәтелдердің көпшілігі ескі, яғни халықтың қазіргі емес, өткен рухани жағдайын көрсетеді. Бұл халықтың өмірі әртүрлі факторларға байланысты үнемі өзгеріп отыратынын, сондықтан көзқарастар, түсініктер, идеологиялар мен моральдың өзгеретінін білдіреді. Мұның бәрі табиғи түрде паремияларда көрініс табады [3:173]. Адам санасы ақпарат тұтынатын және өндіретін ортада жетіледі десек. Сондай ортаның бірі – инстаграм желісі. Инстаграм Meta платформасының құрамындағы әлеуметтік желі ретінде адамдарға шынайы өмір иммитациясын сезіндіруге ұмтылып келе жатыр. Сол себепті мұндағы қазақша дискурс элементтерін зерттеу аса маңызға ие. Е.Аасланд [4], Г.Омарбекова [1] зерттеулерінде мақал-мәтелдердің мақсатты қолданыстарының әсерінен интернет алаңдарында өзгеріске түсіп жатқаны жайлы кеңінен қарастырылған.

Нәтиже мен талқылау

Осы кезге дейін қоғамдық-әлеуметтік үндеулер мен көзқарастар тікелей жарияланып келсе, соңғы жылдары кейбір авторлар қалыптанған тілдік стереотиптерге құрылымдық және мазмұндық өзгерістер енгізу тәсілін пайдалануда. Біздіңше, халықтық стереотиптен туындаған және жасалу уәжі дәстүрлі паремия құндылығына қарсы мақал-мәтелдер да антипаремия қатарына ену қажет. Себебі дәстүрлі мақал-мәтелдердің көпшілігі универсал тақырыптарға арналған, яғни ондағы сөз емес, сөз астары, айтпақ ойы маңызға ие. Мысалы «Ел боламын десең бісігіңді түзе/Ел боламын десең блогыңды/шекаранды түзе» қолданысында алғашқы нұсқаға қарсылық байқалмайды. Ал қазіргі антипаремиялар дәстүрлі паремияға және инварианттарына да мақсатты түрде қарсы уәжде шығарылып жүр. Сондай паремиялардың бірі – «*Әйел бастаған көш оңады*(04.06.2024)». @tanda.bilim(эл.мекенжай: <https://www.instagram.com/tanda.bilim?igsh=MXh5ZjV4ZGJ5ejR3OA==>) деген атаумен белгілі парақшада жарияланған осы антипаремия тақырып бөлігі ретінде алынған. Пост мазмұнында әлемдегі ел басқарған әйел президенттерге тоқтала келе, «200 жылда алғаш рет әйтеуір дегенде Мексиканы әйел президент басқаратын болды» делінген. Автор «Біздікі(Қазақстан авт.) жарты ғасырға созылмай тұрғанда әрекет етейік» деп, оқырманға гендерлік теңдік немесе феминистік үндеуін жолдайды. Бізге дәстүрлі қолданыстан «*Қатын бастаған көш оңбайды, Құралай бастаған құс оңбайды* (ауызекі: <https://sn.kz/okigalar/70243-ku-ralai-degen-kandai-zharatylys/>) *Қатын(әйел) бастаған көш оңбас*(ауызекі)/ *Қатын бастаған ел(халық) қараң қалар*(БС: 65-66 Т)» секілді мақалдар белгілі. Аталмыш антипаремия осы қолданыстарға қарсы мақсатта шығарылса керек. Зерттеу барысында мақалдың «Бозбаланың бастаған елі оңбайды, Құралай бастаған киік оңбайды (БС: 66 Т)» нұсқасын да көзіміз шалып қалды. Алайда автор белсенді қолданыстағы нұсқасына қарсылық білдіру жолын таңдаған секілді. Ендеше антипаремияның мазмұны мен дәстүрлі қолданыстағы паремияның мазмұнына аз-кем шолу жасап көрейік. Паремияның өзі ескерту мақсатында айтылғаны анық. Ер мен әйелді салыстыру, олардың құқығын анықтау мәселесі қазір өте кең тарап жатыр. Екі мақалдың мазмұнына логикалық және семантикалық талдау жасап көрейік.

Паремия: "Әйел бастаған көш оңбас"

Тура мағынасы: Бұл мақалдың мағынасы әйелдің жетекшілік етуі тиімсіз немесе табысқа жеткізбейді дегенді білдіреді. Мұнда әйелдердің жетекшілік ету қабілеттеріне күмән білдірілген немесе дәстүрлі гендерлік рөлдерге негізделген теріс көзқарас көрсетілген.

Антипаремия: "Әйел бастаған көш оңады"

Мағынасы: Бұл мақал әйелдің жетекшілігі табысты болуы мүмкін немесе қоғамға пайда әкелуі мүмкін дегенді білдіреді. Мұнда әйелдердің жетекшілік ету қабілеттеріне оң көзқарас білдірілген.

Паремияның астарлы мағынасына талдау: Мақалдың бірнеше қолданысы барын жоғарыда атап өттік. Мақалдың ілкі нұсқасын іздестіру барысында «Бозбаланың бастаған елі оңбайды, Құралай бастаған киік оңбайды(БС: 66 Т)» деген мақалды да көзіміз шалды. Оны қоса-қабат тексеруге себеп болған «*Қатын бастаған көш оңбайды, Құралай бастаған құс оңбайды* (ауызекі: <https://sn.kz/okigalar/70243-ku-ralai-degen-kandai-zharatylys/>) қолданысындағы «құралай» сөзі. «Құралай» деп жалпылама киік баласын атайтыны бәрімізге мәлім. Алайда Құралай бастаған киік оңбайды~Құралай бастаған құс оңбайды деген инвариантын салыстыра қарасақ, «құралай» сөзінің құсқа да қатысы барын аңғарамыз[<https://sozdikqor.kz/soz?id=337697&a=QURALAI>]. Бозбала~құралай жұбында жас ерекшелігі бойынша салыстыру логикалық қисынға келеді. Ал қатын~құралай нұсқасына келсек, аналогиялық тұрғыда логикалық қисынсыздық байқалатындай көрінеді. Ендеше, екі сөздің коннотациялық мағыналарына үңіліп көрелік. Денотатты мағынада «қатын» сөзі *ердің жұбайы, хан тұқымының қызы, әйелі* деген мағынада ұғынылса, коннотатты мағынасында *сужүректік, қорқақтық қасиеттері бар*. Мысалы, *Сен емессің, емессің! Сен емессің! Жақсылық көрген емес сенен ешкім. Сен өсекші қатынсын, ер емессің! Алаңысың төбелес, ерегестің* (<https://sozdikqor.kz/soz?id=173049&a=QATYN>) – деген өлең жолдарынан аңғаратынымыз да сол «ер» мен «қатын» сөздерінің астарында тек жыныстық мағына жатқан жоқ. Мұнда ерлік

жақсылық, бір сөзділік, батырлықпен сипатталса, қатындық өсекшілікпен, жамандықпен, қорқақтықпен сипатталған. Ахмет Йүнеки де өзінің «Ақиқат сыйы» атты еңбегінде: «Білімді әйел – ер, надан еркек – әйел» деп келтірген[5:36]. Түркі әдебиетінің ислами түсінікпен астасқан кезеңінен хабар беретін бұл еңбекте «ер» мен «әйел» сөздері білімділік пен надандықтың символы ретінде бинарлы көрініс тапқан. *Қатын~қорқақ~надан* сөздеріне ортақ негативті коннотация бар дейтін болсақ, логикаға сай «құралай» құстың да сондай «әлсіздігі» болуы қажет. Ақтамберді жыраудың «*Тобыршықты әндіген Толтыра тартар ма екеміз?! Тобылғы түбі құралай, Бытыратып атар ма екеміз!*» деп келетін өлең жолдарындағы құралайды ағаш пен бұта түбін паналайтын майда құс деп тануға болады. Демек «**Әйел** бастаған көш оңбас» мақалындағы басты адресат әйел жынысты кісі емес, оны инвариант паремиядағы «**Бозбаланың** бастаған елі оңбайды...» деген бөлігі айқын аңғартып тұр. Екі паремия да «әйел, қатын, бозбала, құралай» сөздері «әлсіз, қорқақ/надан, әлжуаз, кішкентай» сипаттармен үндеседі.

Жоғарыдағы талдауларға сүйене келе, паремияны тура мағынада түсінген автор мақал мазмұны әйел жынысына қарсы айтылған деп ұғып, ақпарат(пост) жазу барысында антипаремия жасауы мүмкін деп топшылаймыз.

Прагматикалық әлеуеті: Зерттеу жасалған уақытта @tanda.bilim парақшасында 5546 жазылушы болды. Оның 356-сы аталған постқа оң көзқарас танытып, «лайк» басқан және 12 пікір жазылған. Пікірлердің екеуі – меритократияны жақтаса, қалғандары пост интенциясына қосылған. @tanda.bilim танымдық парақша екенін ескерсек, антипаремияның негізсіз екеніне ешкім назар аудармағаны келесідей екі ойға жетелейді: 1) паремияның астарлы мағынасын түсінбегендіктен антипаремиядағы позицияға қосылған; 2) басты назарда саяси гендерлік теңдік болғасын, паремия антипаремияның дұрыс нұсқасын зерттеуге тырыспаған.

Инстаграм желісіне 2017 жылдың қараша айында тіркелген, қазір @manshuq_media(эл.мекенжай: https://www.instagram.com/manshuq_media?igsh=dmd5dDkwMHk1bGQ0) атымен 33,1 мың оқырманға тұрақты ақпарат таратып отырған агенттік парақшасында да бірнеше гендерлік сипаттағы антипаремиялар ұшырасады. Аталған агенттік өздерін әйелдер қоғамдастығы ретінде таныстырады. Парақшада негізінен әйелдердің құқығы, денсаулығы және әлеуметтік рөлі секілді тақырыптарда мәселе қозғалады.

Сол тақырыпта жазылған посттардың бірінде келесідей антипаремиялар легін көзміз шалды:

Асық ойнаған озар, Дөп ойнаған тозар → ← Феминист болған озар, Сексист болған тозар; Жақсы әйел ері ұялар іс қылмайды → ← Жақсы әйел өзіне ұнамайтын іс қылмайды; (https://www.instagram.com/p/C7gZ_PntaBW/?igsh=MXQ5bGJnNGtzeHc0MQ==).

1. Асық ойнаған озар, Дөп ойнаған тозар → ← Феминист болған озар, Сексист болған тозар

Лингвистикалық талдау:

«Феминист болған озар, Сексист болған тозар»

Сөздік құрамы: Мұндағы «феминист» және «сексист» сөздері әлеуметтік қозғалыстарды білдіреді. «Озар» және «тозар» сөздері алдыңғы мақалдағыдай қолданылған.

Құрылымы: Әлеуметтік терминдерді пайдалана отырып, контрастты көрсететін параллель тіркес.

Семантикасы: Гендерлік теңдікті қолдау табысқа, ал гендерлік дискриминация кері кетуге әкеледі дегенді білдіреді.

Синтаксистік құрылымы: Бірдей құрылымдық формадағы екі тәуелсіз сөйлем, мұнда субъект (феминист болған, сексист болған) және предикат (озар, тозар) қолданылған.

Логикалық байланыс: Гендерлік әрекеттерді салыстыру арқылы қарама-қайшылықты білдіреді. Феминизмді қолдау оң, ал сексизм теріс нәтижеге әкеледі деп тұжырымдалады.

2. Жақсы әйел ері ұялар іс қылмайды → ← Жақсы әйел өзіне ұнамайтын іс қылмайды

Лингвистикалық талдау:

«Жақсы әйел ері ұялар іс қылмайды»(түсініктеме берілер жері бар)

Жалпы жұрт мақалды Абайдыкі дегенімен, біз дәлме-дәл осындай үзінді ақын шығармашылығында кездеспейтінін байқадық. Паремия негізі делінетін «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде «Ер ұялар іс қылмас қатын зерек» деген жол бар (<https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=286>). «Зерек қатын» тіркесіндегі «зерек» сөзі «аңғарымпаз, алғыр, ақылды» деген мағыналарға ие. Алайда мұны, дәл осы контексте, «жақсы» сөзімен мағыналас деуге келмейді. Мұның сыры осы жол кездесетін шумақтан алдыңғы шумақтарда жасырын жатыр.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!

Әйел жақсы болмайды көркіменен,

Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме! - деген шумақтағы соңғы екі жол автор «жақсы әйел» болудың алғашқы постулатты шартын айқындайды. Одан соңғы үш шумақта алдыңғы ойды толықтырады да, төртінші шумақтың алғашқы жолында:

Ақыл керек, ес керек, мінез керек,

Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.

Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез,

Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек – дей отырып «жақсы әйел» ассоциациясын шоғырландырады. Демек әйел бірден жақсы болып кетпейді. Әуелі «ақыл, ес, мінез» қалыптасытырып, «зеректік» танытса ғана «жақсы» атана алады. Сайып келгенде логикалық тіл «ердің ұяты ≈ әйелінің қасиеті мен әрекеті» дегенге меңзейді.

«Жақсы әйел өзіне ұнамайтын іс қылмайды»

Сөздік құрамы: «Жақсы әйел» және «өзіне ұнамайтын іс» тіркестері пайдаланылған.

Құрылымы: Әйелдің жеке қалауына негізделген моралдық нұсқау.

Семантикасы: Әйелдің өз таңдауына сәйкес әрекет етуі керек деген ойды білдіреді.

Синтаксистік құрылымы: Бір тиянақты сөйлем, мұнда субъект (жақсы әйел), объект (өзіне ұнамайтын іс), және предикат (қылмайды) біріктірілген.

Логикалық байланыс: Әйелдің қасиеті, әрекеттері оның жеке қалауына негізделген логикалық байланыс. Субъект және оның әрекеті нәтижесінде пайда болатын әсер түсіндіріледі.

Жоғарыдағы назарымызға ілігіп, талдау объектімізге айналған антипаремиялар 2024 жылдың 28 мамырында жарияланған. Пост 44 күннің ішінде 2987 лүпіл, 119 пікір жинаған. Посттағы антипаремиялардың прагма-потенциясын осы сандық деректер мен пікірдегі оқырмандардың реакциясы мен жазбаларынан аңғаруға болады. Жалпы 97,5% пікір қалдырушы әйелдер қауымы. Сәйкесінше қолдауға негізделген, ұсынысы қоса айтылған пікірлер мол.

Қорытынды

Инстаграмдағы антипаремияларды зерттеу нәтижесінде, олардың көпшілігі гендерлік стереотиптерге қарсылықты білдіретінін байқадық. Феминистік бағыттағы антипаремиялар патриархалды қоғамға сын айтып, әлеуметтік желідегі пікірталастардың бір бөлігіне айналған. Дегенмен кей авторлар антипаремия жасауда негізгі паремиялардың мағынасын бұрмалап, символизм мен ауыспалы мағынаны ескермей жатады. Бұл дәстүрлі паремиялар мен инварианттардың дұрыс түсінілмеуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан да келешекте осы бағыттағы зерттеуді молайту қажет.

Әдебиеттер

1. Омарбекова Г. Қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелу барысы. Болашақ зерттеулерге ұсыныс// А.Яссауи университеті Түркология институты. *Türkologia* , Vol. 2 (110) . 6. 121-140/19 6. DOI: <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-3162.06>

2. Mieder W. 1982. *Antisprichwörter*. T. 1. Wiesbaden: Verlag für deutsche Sprache (Beihefte zur Muttersprache, 4).

3. Норман Б.Ю. (2009). Лингвистическая прагматика (на материале русского и других славянских языков): курс лекций. –Минск. 183 стр.

4. Aasland Erik. *Contrasting two Kazakh proverbial calls to action: using discourse ecologies to understand proverb meaning - making. Proverbium: Yearbook of International Proverb Scholarship*: p.1-10.
5. Ә.Йүкнәкәй Әтәбәтул һәкәйик. Алматы: – «МИР» нәшрият өйи, 2018. 104 б.

А.И.Аканова

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың докторанты

Қазақстан, Астана қ.

Comfort_kand_rz@mail.ru

МИФОЛОГИЯЛЫҚ ДЕМОНИМДЕР

Аннотация: Объектом исследования статьи является мифологическая лексика прозаического фольклора, а именно названия демонимов. В статье рассматриваются термины касательно мифологии, связь между демонологическими образами и определение характера их происхождения. Акцент делается на исследование особенностей функции некоторых мифологических антропонимов.

Ключевые слова: мифология, мифологическая лексика, мифологический антропоним, демоним, мифологический образ

Abstract: The object of study of the article is the mythological vocabulary of prosaic folklore, namely the names of demonyms. The article discusses terms regarding mythology, the connection between demonological images and determining the nature of their origin. The emphasis is on the study of the features of the function of some mythological anthroponyms

Key words: mythology, mythological vocabulary, mythological anthroponym, demonym, mythological image

Қазақ фольклорлық прозасындағы мифтік лексиканы топтаудағы ауқымды мәселе – ол мифтік лексиканың тақырыптық-мазмұндық аспектісі. Тақырыптық-мазмұндық аспектісіне қарай мифтік лексиканы біз әуелі мифологиялық антропонимдер, оның ішінде демонимдер деп бөліп қарастырдық. Сол демонимдердің ішінде өзара ұқсас образдар бар. Мысал үшін бәріне белгілі Албасты, Жезтырнақ, Сөрел, Пері, Жын сияқты кейіпкерлердің мекен ету орны мен адамға кездесетін мезгіліне қарай сарындас тұстары бар. Қазақ прозалық шығармаларында әсіресе хикаяда кездесетін Албасты демонимі ортақ түркі тілдес халықтар арасында халықтың санасына бірден жағымсыз, бойында жексұрындықтың нышаны сезілетін образ. О.А.Черепанова ХІХ ғасыр материалдарынан албаста, су иесі, су перісі, албастый, леший (орман иесі), лесовик (орманшы) деген атауларды көрсетеді. Демек ғалым албастыны орман иесімен де, су перісімен де тығыз байланыста қарастырады. Бұл сөздердің түп негізі славяндық еместігі түсінікті-ақ, оның «лобастый-лопастый», «лобаста-лопаста» деген варианттары да бар [1:89]. «Албаста» деген сөздің мағынасы «шашы тақырлана алынған адам» деп түсіндіріледі, алайда бұл оның екінші мағынасы, алғашқысы «лоб», «лобастый» деген сөздің мағынасымен байланысты [1:89]. Солтүстік орыс халқында «албаста» және «албастый» сөздерінің түп негізі түркі-иран ареалымен, яғни Кавказ елімен байланысты қаралады. Сондықтан орыс елінің оңтүстік шығыс территориясына таяу Волганың орта және төменгі ағысында «лобаста» мифологемасы кездеседі. Лобаста – бойы аспаннан жерге дейін жететін ірі денелі әйел ретінде сипатталады. Оның денесін былай деп суреттейді: ұйысқан шашы бар, басы үлкен, ақсқан тістері бар, саусақтары айқұш-ұйқыш қиылысқан, ұзын қолды сұр масса. Ол дауыл кезінде, бұлттардан, желден я ұйытқыған желден пайда болады екен. Онымен кездескен адам өлімге тап болады екен. Мұндай сипаттау бірнеше славяндыққа жатпайтын елдердегі кейіпкерлермен сабақтас келеді. Татар халқында албасты – өте ірі көлемді, формасы жағынан белгісіз нәрсе деп суреттеледі. Алыстан ит сияқты көрінеді де, адамға жақындаған сайын ұлғая түсіп, жиналған биік мая (үйілген көпене) шөп сияқты формаға ие болады екен. Әдетте көпірлердің жанында, көшелердің, жолдардың қиылысында кездеседі. Тәжік халқында «альбасти», «альмасти» формасында келіп, босанатын әйелдерге, әсіресе босанар алдындағы 3-4 күн аралығында ерекше қауіп төндіретін рух ретінде танылады. Ол босанып жатқан әйелдің бауырын, жүрегін жұлып алып, жаңа туған нәрестені булықтырып өлтіруі мүмкін. Ол егер адамның мүшелеріне қолын тигізсе, адам қол, аяғынан айрылады екен. Ол рух алба-жұлба